

Науқастың әр түрлі функциональді қалыптары: Симс, арқалық, іштік, фаулер

Орындаған: Наурызбаева Н.О


Топ : 103 ОМ

Тексерген :



- Науқастың төсектегі қалпы. Науқастың белсенді, белсенді емес, мәжбүрлік қалпын ажыратады. Белсенді қалыпта науқас төсектегі өз қалпын емін-еркін өзгерте алады және жүре алады. Белсенсіз қалыпта науқас өздігінен қозғала алмайды. Мысалы зілді мертігулерде, жаралануда, сал болып қалғанда және т.б. Мәжбүрлік қалып дегеніміз науқастар ауырсынуын жеңілдету мақсатында қабылдайтын қалып. Мысалы, ортопноэ - қан айналымының жетіспеушілігі бар науқастардың аяқтарын төмен түсіріп, отыруы, бұл кезде қан аяқ көк тамырларында жиналады да өкпедегі қан іркілуі азаяды, ентігу біраз әлсірейді.

Симс қалпы



- Симс қалпына науқасты жатқызу (ішіне және қырына жату қалпы аралығындағы жағдай) Науқасты жатқызу екі мейірбикемен орындалады.

Мақсаты: төсекте жайлы қалып жасау. Қолдану көрсетілімдері: төсектегі еңjarлы және еріксіз науқас қалпы, ойылудың алдын алуы.

Дайындаңыз: 3 жастықты, валикті, аяққа арналған тіреуді (құмы бар қап), функциональды немесе жәй кереуетті. Іс-әрекет алгоритмі:


1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс-әрекеттерін түсіндіру
2. Науқастың келісімін алу
3. Кереуеттің бас жағын горизонталь-ды қалыпқа келтіру. Науқасты бір қырымен жатқызуға ыңғайлы жағдай жасалады.
4. Науқасты бір қырымен және жар- тылай ішімен жатқызу. Симс қалпын қамтамасыз ету.
5. Басына жастық қою . Мойынның шектен тыс бүгілуін болдырмайды
6. 90° бұрышта иықта және шын-тақта бүгілген «жоғарғы» қол асты-на жастықша қою. «Төменгі қолды» бүкпей төсекке қою. Дұрыс дене биомеханикасы қамта-масыз етіледі.
7. Бүгілген «жоғарғы» аяқ астына жастықша қою, «төменгі» балтыр «жоғары» аяқ санының төменгі 1/3 бөлігі деңгейінде орналасуы керек. Санының ішке қарай бұрылуын, аяқтың шектен тыс жазылуын болдырмайды.
8. Аяқ астына 90° бұрышта тіреуіш қою. Аяқ басының бүгуін қамтамасыз ету, аяқ басының «асылып қалуын» болдырмайды

Науқасты ішімен жатқызу




- Іс-әрекет негізделуі
- 1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұ-рау, манипуляция мақсатын, іс-әрекеттерін түсіндіру. Науқаспен қажет қарым-қатынас жасалады
- 2. Науқастың келісімін алу. Науқастың құқығын сақтау қамтама-сыз етіледі
- 3. Кереуетті горизонталды қалыпқа келтіріп, жастықты алып тастау. Науқастың қалпын өзгертуге ыңғайлы жағдай қамтамасыз етіледі.
- 4. Науқастың қолдарын шынтағында жазып, денесіне жақындату, қол ұшын санының астына қойып, қолы арқылы денесін айналдырып, ішімен жатқызу. Науқастың қалпын өзгертуге ыңғайлы жағдай қамтамасыз етіледі
- 5. Науқасты кереуеттің ортасына жатқызу. Пациентке ыңғайлы жағдай жасалады.
- 6. Науқастың басын бір шетіне қарай бұру, басының астына кішкене жастық қою. Мойын омыртқаларының бүгу және шектен тыс жазуды азайту.
- 7. Көк ет деңгейінен төмен іш аймағына кішкене жастық қою. Бел омыртқаларының шектен тыс жа-зылуы мен бел омыртқаларына салмақ түсу төмендейді.
- 8. Науқастың қолдарын иығында бүгу, бас деңгейіне дейін көтеру. Иық буынының шығып кетуін бол-дырмау
- 9. Аяқ басы астына валик қою. Аяқ басының “салбырап” қалуын және сыртқа қарай бұралуын болдырмау

Фаулер қалпы



- **Фаулер** қалыпта жату – науқас жастықсыз кереуеттің ортасына арқасымен немесе шалқасынан жатады.
- 1. Науқаспен амандасу, жағдайын сұрау, манипуляция мақсатын, іс - әрекеттерді түсіндіру.
- 2. Науқастың келісімін алу.
- 3. Кереуеттің бас жағын 45-60°С бұрышқа көтеру.
- 4. Науқастың басын төмен жастыққа қою.
- 5. Науқас қолының астына жастық қою
- 6. Бел аймағы астына жастық қойыңыз
- 7. Науқастың қабырғалары астына кішкене жастықша қойыңыз.
- 8. Балтырдың төменгі 1/3 аймағына кішкене жастықша қойыңыз.
- 9. Аяқ астына 90°С бұрышта тіреуіш қойыңыз.

Науқастың арқасымен жату қалпы



- 1. Науқастың бас жағын горизонталды етіп орналастыру.
- 2. Бел аймағының астына кішкене жастықша қою.
- 3. Иықтың жоғарғы бөлігіне, мойын және басының астына кішкене жастық қою.
- 4. Санның сыртқы шетіне валик тәріздес жастықша қою.
- 5. Балтырдың төменгі 1/3 бөлігіне валик қою.
- 6. Аяқ басына 90°С бұрышта тіреуіш қою.
- 7. Науқастың қолдарын алақанымен төмен қаратып, денесіне параллель етіп орналастыру, білек астына кішкене жастықша қою.

Пайдаланған әдебиеттер

- «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы»